

**6D010300/8D01101 Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстандағы гимназия және лицей
мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбында
орындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің**

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстандағы гимназия және лицей типіндегі мектептердің қалыптасуы тарихында білім беру жүйесінің дамуы жаңа бағыттық мазмұнда бетбұрыс алағандығын қарастырады. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі 1991-2017 жылдары орын алаған гимназия мен лицей мектептеріндегі мазмұндық құрылымы және ондағы оқыту үдерісін ұйымдастырудың жаңашылық сипаттары мәселесіне тарихи-педагогикалық бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырған. Бұл өзкезегінде білім берудің тарихында орын алған мектеп типтерінің тарихи-педагогикалық мазмұнына бүгінгі көзқарастар арқылы ақиқат пен шындақ тұрғысынан оң бағасын беру болып табылады. Егемендіктің алғашқы жылдарында отандық оқыту үдерістерінің жаңашылдыққа ие болып, өзгеріске ұшырап қайта қарауды қажет етуі - ұлттық білімді беруді ұйымдастыру мен қалыптастыру мен дамытуда демократиялық қайта құру қағидаттарына негізделгендігі анық. Қоғамның басты ерекшелігі - озық ғылыми білімдерді, жаңашылдық жүйелерді жетілдіру және жаңарту, педагогикалық озық идеяларды білім беру мен оқыту саласында қайта қарастыру қолға алынған болатын.

Зерттеуге қатысты мәліметтердің сенімділігі Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің және сол кезеңдегі орын алған білім берудегі жаңашылдық мазмұны мен оның құрылымдық жүйесінің озық үлгілері жайындағы мәселелерге: отандық ғалымдар мен философтар - Ә.Нысанбаев, Р.Ж. Абдильдина, Б.М. Сатершинов т.б. Ал тарихшы-педагогтар: К. Құнантаева, Қ. Жарықбаев, А.К. Тлебалдиева, Ш.К. Беркімбаева, Р.Р. Масырова, Т.А. Линчевская, А.А. Мукатаев, А.М. Рахимжанов, Г.Т. Хайруллин, А.В. Перминов, И.Н. Шевченко т.б.

Ғылыми - теориялық және тарихи-педагогикалық мазмұнда жүргізген зерттеушілік жұмыстары негіз болатындығын басшылыққа ала отырып, отандық білім беру саясаты мен ресми құқықтық құжаттар мазмұнымен үйлесімді келетіндігі анық орын алған.

Бұл диссертациялық зерттеудегі ғылыми-педагогикалық ойлардың білім беру тарихында орын алғандығы жайында нақты негізделген мәліметтер арқылы гимназия және лицей мектептерінің пайда болуы мен қалыптасуы тарихи қоғамдық дамудың заңдылықтарымен байланыстара қамтылғандығы зерттеу жұмысының өзектілігін негіздей түседі.

Сондай-ақ, зерттеуші гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуындағы мазмұндық құрылымына ғылыми-педагогикалық және тарихи - педагогикалық тұрғыдан теориялық және тәжірибелік талдаулар

жасап, негіздеп, жүйелеп, бүгінгі көзқарас тұрғысынан өзіндік қорындылап, жүйеге келтірген. Гимназия және лицей мектептерінің тарихи - мазмұндық құылымы жайындағы білімдерді болашақ педагог мамандығында оқитын білімгерлерге беру бағытында Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен даму (1991-2017 жж.)» тақырыптағы жасалған элективті курсты ЖОО-ны педагогикалық тәжірибесіне енгізу және оны тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы тарихи-теориялық бағыттағы педагогикалық білімдерді толықтыруды жүзеге асырған. Отандық білім беру жүйесінің тарихи зерттеуде оның қалыптасуының табиғи заңдылығын көрсете отырып, гимназия мен лицей мектептеріндегі оқытудың жаңашылдық мазмұндағы оқыту мен тәсілдерін ашып береді. Зерттеуге белгілі кезеңдермен білім берудің тарихи және хронологиялық шекаралары қарастырылған. Осы негізден қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің даму мәселесін жаңашыл теориялық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарауына, зерттеу жұмысының өзектілігіне негіз бола отырып, Д.А. Абиров элективті курсты ЖОО-да болашақ педагогтарды даярлау үдерісінде оқытудың қажеттілігін олардың кәсіби әлеуетінің дамуына өзек болатындығын негіздейді. Және осыған негіздеме ретінде жүргізген тәжірибелік эксперименттік жұмыстарының нәтижелерін диссертациялық зерттеу жұмысында кеңінен келтірілген.

1. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі. Ізденуші Д.А. Абиров диссертациялық зерттеу жұмысын орындауда қол жеткізген ғылыми нәтижелері:

1. 1991-2017 жылдардағы отандық білім беру жүйесіндегі гимназия және лицей мектептерінің тарихнамасын жүйелеп, тарихи және ғылыми-педагогикалық тұрғыдан бағалауда жаңашыл болып табылатын мектептердің құрылуына негіз болған жағдаяттарды ақиқат пен шындық тұрғысынан баға беруінде.

2. Хронологиялық кезеңдерде құрылған гимназия және лицей мектептерінің ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалып, ғылыми жүйеге келтіріліп өзіндік көзқарас тұрғысынан талдаулар жасағандығында.

3. 1991-2017 жылдар кезеңіндегі білім беру саясаттарының жүйесінде құрылған гимназия және лицей мектептерінің педагогикалық мазмұндық құрылымдарының қазіргі осы типтес мектептермен сабақтастықтарына талдаулар жасау арқылы олардың өзара байланысы анықталады.

4. «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен даму (1991-2017 жж.)» атты элективті курсты ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне енгізуі және оған тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы отандық білім беру тарихы бағыттағы білімдерді толықтыруды жүзеге асырғандығы.

2. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы.

Д.А. Абировтың «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбында орындалған диссертациялық зерттеу жұмысына негіз болған деректік мәліметтер тарихи-педагогикалық мазмұндағы ой-тұжырымдар жасаудың өзегі ретінде

орын алып, оларды ғылыми және білім тарихы бағытында жаңа білімдерді теориялық тұрғыда толықтыруда орын алған. Зерттеуге алынған хронологиялық кезеңдегі КСРО үкіметінің құрамында болған Қазақстанның 1991 жылдарға дейінгі кезеңінен бастап 1991-2017 жылдардағы яғни, егемен мемлекетіміздің алғашқы жылдарындағы білімді беру жүйелеріне өтпелі дәуіріндегі гимназия және лицей типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуына қатысты жаңа білімдерді толықтырады. Білім тарихы бағытындағы білімдер мен тарихи-тәжірибелік мәселелерді зерттеп тану арқылы диссертациялық жұмыста отандық оқу-тәрбие үдерісіндегі тәжірибелік тарихи білімдерді жалпы зерделеуде, оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдар мен кешендерді, оқу бағдарламаларын дайындаудың тарихи-педагогикалық мұрасына теориялық және тәжірибелік талдаулар жасап, негізделуімен дәлелді болып табылады. ЖОО-да болашақ педагог мамандарды даярлауда отандық білім берудің тарихы жайындағы Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен даму» (1991-2017 жж.) элективті курсты қосымша пән курсы ретінде жүргізуі мен оның бағдарламасындағы түйінделген ой-пікірлер негізінде педагогика тарихының білімдерін кеңейту бағытында пайдалануға болады. Негізі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы сенімді.

3. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы.

1. Отандық педагогика тарихындағы 1991-2017 жылдардағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздегі мәселелерін зерттеуде оның теориялық және тәжірибелік мүмкіндіктерін ашу және оған бүгінгі көзқарас тұрғысынан талдаулар жасауында;

2. 1991-2017 жылдардағы гимназиялар және лицей типіндегі мектептерде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін тарихи білім беру тәжірибе мұра тұрғысынан қарастыратын пікірлерді қоғамдық-әлеуметтік және ұлттық мәдени тұрғысынан жүйелеп ұсынғандығы;

3. 1991-2017 жылдардағы гимназия және лицей мектептерінде мазмұндық құрылымдық жүйесіне тарихи-тәжірибелік және ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талдау және бүгінгі ұласымдылық байланысын негіздеу;

4. 1991-2017 жылдар кезеңіндегі гимназия және лицей мектептердің мазмұндық құрылым және олардың қалыптасуы мен дамуындағы өзіндік педагогикалық ерекшелігін ашуға бағытталған Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен даму (1991-2017 жж.)» атты элективті курсты ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне ендіру арқылы тәжірибелік-эксперимент жұмыстарды жүргізу нәтижесінде дәлелдеу, негізделуімен дәлелді.

4. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына қатысты теориялық және әдістемелік мәселелер толық қамтылған және зерттеу жұмысына қойылатын

барлық талаптар орындалып, сақталып жазылған. Ғылыми мазмұндылығы мен техникалық талаптарды толық сақтаған.

5. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі.

Данияр Акпарович Абиров «Қазақстанда лицей гимназиялардың қалыптасуы мен дамуы (1987-2017)» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысын зерттеудің көкейкестілігінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелерін айқындаумен, болашақ педагогтың кәсіби мамандардың ғылыми-педагогикалық және білім беру тарихы бағытындағы тәжірибелік білімдерді негіздеп беруінде.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 12 еңбек жарық көрді. Соның ішінде: Scopus деректер қорына енетін жарияланымда -1, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - 3 мақала, ҚР ұйымдастырылған және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында - 8 мақала, зерттеу жұмысына қатысты авторлық куәлік - 1 жарық көрген.

6. Диссертацияны қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс.

Абиров Данияр Ақпарұлы 6D010300/8D01101 Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы дербес орындалған, толығымен аяқталған, диссертациялық ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған диссертациялық жұмыс деп қорытындылаймын. Ал, Абиров Данияр Ақпарұлының 6D010300/8D01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесшісі,

І. Жансүгіров атындағы

Жетісу университеті

п.ғ.д., профессор



К.Т. Ыбыраимжанов

